



Ембі ТЫНЫСЫ

№3 (120)
НАУРЫЗ
2024 ЖЫЛ

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз



Қазақстанның геология саласы еліміздің қалыптасу және даму тарихымен тығыз байланысты.

Еліміздегі геологиялық-барлау жұмыстары туралы айтқанда, ембілік геологтардың Өзен, Теңіз сынды көмірсутегі шикізаты кен орындарын ашу ісінің қайнар бастауында болғанын үлкен мақтанышпен айтамыз. Сонымен қатар, ардагер-геологтарымыз Ботахан, Шығыс Мақат, Оңтүстік-Шығыс Қамысты, Досмұхамбетов, Ақінген, Аққұдық, Ақтөбе, Оңтүстік-Шығыс Новобогат, Уаз, т.б. басқа көптеген кен орындарын ашты. Қазақстандық ардагер-геологтарымыздың ерен еңбектерінің нәтижесінде мемлекеттің қуатты минералды-шикізаттық қоры құрылды.

Жеті қат жер астын зерттеп, оны шығару аса кәсібилік пен жауапкершілікті талап етеді. Аға буын геологтардың ізін жалғаған кейінгі буын ұрпақ саланың әлеуетін арттыру жұмыстарын жалғастырып келе жатқаны – ортақ мерей. Сондықтан, қызығы мен қиындығы мол мамандық иелері қандайда құрметке лайық.

Геология мамандығының қазіргі заманда жоғары сатыға көтерілгенін бүгінгі буын мамандарының арқасы деп ойлаймыз. Технологиялар жаңарып, жаңа жобалар жүзеге асуда. Біздің бүгінгі мақсатымыз – жаңа кен орындарын ашумен қатар, байырғы кеніштердің «өмір жасын» ұзарту. Алда биік межелерге біз кәсіби білікті геолог-мамандарымыздың арқасында жетерімізге сенімдіміз.

Сіздерді Геолог күнімен құттықтай отырып, зор денсаулық, отбасы амандығын, үлкен жетістіктер мен жаңа ашылулар тілейміз!

Құрметпен, «Ембімұнайгаз» АҚ басшылығы

ҚҰРЫЛТАЙ МЕЙМАНДАРЫ ИНТЕРАКТИВТІ МҰРАЖАЙҒА КЕЛДІ



→ 3

ҚОШ КЕЛДІҢ, ӘЗ-НАУРЫЗ!



→ 4-5

КИЕЛІ ӨңІРГЕ САПАР



→ 6



ҚМГ ДОССОРДАҒЫ СОР МӘСЕЛЕСІН ШЕШУГЕ ҚАРЖЫЛАЙ КӨМЕК БЕРЕДІ

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Атырау облысы Мақат ауданы Доссор кентінде сортаң жерлерді сауықтыруға, сондай-ақ, өлкетану мұражайы мен кітапханаға арналған ғимарат салуға қаражат бөледі.



Рекультивациялау жобасына сай Доссор кентіндегі «Атырау – Кұлсары – Ақтау» автожолының бойындағы екі сор басқан учаскені топырақпен жабу жоспарлануда. Жоба эксперименттік сипатта болады, өйткені, сортаң жердің мәселесі күрделі әрі жүз пайыз кепілдік бермейді. Сонымен қатар, сор басқан аумақтың бойын көгалдандыру жұмысы жоспарланған. Бұл Доссор кентіндегі тұрғын үйлерді шаң мен сордан қорғауға көмектеседі.

Сортаң топырақ Орталық Азияның шөлді және жартылай шөлді аймақтарында кездеседі. Сортаң жерлер (немесе құрамында тұздың жоғары концентрациясы бар) ауылшаруашылық және басқа да мақсаттарға пайдалануға жарамсыз болып қалады. Доссор кентінде шамамен 35 гектар жерді сор алып жатыр, бұл жерлер аттас мұнай кен орны ашылғанға дейін пайда болған.

«Биыл «ҚазМұнайГаз» Мақат ауданының жүз жылдық мерейтойы қарсаңында маңызды істі қолға алады – Доссор кентіндегі сортаң учаскелерді қалпына келтіруге қаражат бөлеміз. Бұл жерлер жылдар бойы жарамсыз жатты, осы жағдайды өзгерткіміз келеді. Біз алдымызда күрделі міндеттер тұрғанын және табысқа толық кепілдік жоқ екенін түсінеміз. Десе де, бұл жұмыс тұрғын үйлерді шаң

мен тұздан қорғауға және аймақтың экологиясын жақсартуға үлес қосу арқылы айтарлықтай пайда әкеледі деп сенеміз», - деп атап өтті Доссор кентіне барған ҚМГ Басқарма төрағасы Мағзұм Мырзағалиев.

Сондай-ақ, «ҚазМұнайГаз» кентте Мақат тарихи-өлкетану мұражайына, №3 кітапханаға және №4 балалар кітапханасына арнап жаңа ғимарат салады.

Қос кітапхана қазір Мақат аудандық мұрағатының ғимаратында орналасқан. Екі кітапхананың 44 мыңнан астам кітап қоры бар. Мақат тарихи-өлкетану мұражайының негізін 1974 жылы ҚазКСР еңбек сіңірген мұғалімі,

Мақат ауданының Құрметті азаматы Ораз Сарғұнанов қалаған. Қазіргі уақытта мұражай апатты жағдайда тұрған ғимаратта орналасқан.

«Қазір мұражай мен кітапханалардың жеке ғимараты жоқ, бұл жағдай қынжылтқаны рас. Бұған қарамастан мұражай мен кітапханаларда жергілікті ақындар мен жазушылардың шығармашылығына арналған мәдени іс-шаралар, кездесулер жиі өтіп тұрады, Наурыз және басқа да мерекелер атап өтіледі. Мұндай маңызды мәдени ошақтардың жаңа және заманауи жеке ғимараты болуы керек деп есептейміз», - деді М.Мырзағалиев.



БАС МҮФТИ ЕМБІЛІКТЕРМЕН КЕЗДЕСТІ

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы Атырау облысына сапары аясында «Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты «Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау» басқармасының ұжымымен кездесті.



«Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Сәбит Арынов Бас мүфтиге жұмысының тығыздығына қарамастан Ембі мұнайшыларымен кездесуге уақыт тапқанына алғысын білдіріп, Компанияның тарихы мен бүгінгі қызметі туралы қысқаша айтып өтті.

Өз кезегінде Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы мұнайшылардың ел экономикасын дамытудағы рөлін ерекше атап өтті. Сондай-ақ, Бас мүфти Ислам дінінің хадистерін келтіре отырып, дәстүрлі діни ағымды ұстануға,

адал еңбек етуге шақырды.

- Дін жолындағы ата-бабаларымыз «Адамның жүрегі – зікірде болсын. Яғни, Алланы еске алсын. Ол еңбекте болсын» деген екен. Яғни, жүрек таза болуы керек. Адам бала-шағасын асырау үшін үйден жұмысқа шықса, ол адам Құдай жолында екендігі хадистерде кездеседі. Маңдай термен келген еңбектің жемісі әлдеқайда жоғары, - деп атап өтті.

Наурызбай қажы Тағанұлы кездесу соңында кәсіпорын ұжымына батасын беріп, жаңа өндірістік жетістіктер мен табыстарға жетуге тілегін білдірді.

МАРАПАТ

ЖҮРЕКТЕРГЕ ЖОЛ ТАПҚАН МЕЙІРІМ



Н.Жантөрин атындағы Атырау облыстық филармониясында Атырау қалалық ардагерлер кеңесінің есептік кездесуінде «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Сәбит Арынов ардагерлерге көрсеткен қолдауы үшін «Мейірімді жүрек» медалімен марапатталды.

ЕМГ басшысына марапатты тапсырған Атырау облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Мұрат Өтешов облыстағы әлеуметтік көмекті керек ететін 150-ге тарта қарттарды аймақтағы ірі компаниялардың өз қамқорлығына алғанын атап өтіп, олардың қатарында көш бастаған «Ембімұнайгаз» АҚ ұжымына алғысын білдірді.

Сондай-ақ, шара барысында 6 ембілік ардагер еліміздің локомотиві саналатын мұнай-газ саласын дамытуға қосқан үлесі үшін жоғары марапаттарға ие болды.

ЕМЫГЕ САПАР



ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ

АТЫРАУ 2024 жыл

ҚҰРЫЛТАЙ МЕЙМАНДАРЫ ИНТЕРАКТИВТІ МҰРАЖАЙҒА КЕЛДІ



Атырауда өткен Ұлттық Құрылтай шарасына еліміздің әр өңірінен арнайы келген зиялы қауым өкілдері бүгін «Ембімұнайгаз» АҚ-ның интерактивті мұражайын тамашалады.

Компанияның Интерактивті музейі 2015 жылы ашылды. Музейдің құндылығы отандық компанияның қалыптасуы, дамуы аудиовизуалды элементтер арқылы көрініс тапқан. Музей 12 бөлімнен тұрады. Мұнда Ембі өндірісінің қалыптасуы, ғылыми экспедициялардың басталуы, геологиялық-барлау жұмыстарының өріс алуы, сонымен қатар, қазіргі жаңалықтары мен мұнайшылар әулеттері туралы т.б. мәліметтер жинақталған. Мәртебелі меймандарға осы тарихи деректер кеңінен таныстырылды.

ЕМГ- қазақ мұнай-газ саласының бастауында тұрған, ғасырдан астам уақыт Атырау облысының аумағында кен алаңдарын игерумен айналысып келе жатқан отандық кәсіпорын. «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Сәбит Арынов Компания 2023 жылы мұнай өндіру жоспарын 100,6% орындағанын атап өтті. Қонақтарды, әсіресе, ағайынды Нобельдердің Ембі мұнайын игеру үшін Доссорға арнайы келгендері, алғашқы мұнай тасымалдау жүйесі түйелердің көмегімен жүзеге асқандығы, соғыс жылдарындағы ембіліктердің ерен еңбегі сынды

деректер аса қызықтырды. Сонымен қатар, қонақтар өздерін толғандырған сауалдарға мамандардан толық жауаптарын алды.

Музейге келген еліміздің зиялы қауым делегациясының арасында болған ҚР Ұлттық ғылым Академиясының академигі, физика-математика ғылымдарының докторы Асқар Жұмаділаев Компанияның Интерактивті музейінің мазмұнын жоғары бағалап өтті.

- Істің парқы деген сөз бар. Атыраудың парқы-мұнай. «Ембімұнайгаз» компаниясының музейіне келіп, мұнайшылар еңбегіне тәнті болдым. Компания тарихы мұнымен бітпес. Жетістік, табыс тілеймін -деді Асқар Жұмаділаев ембілік мұнайшыларға батасын берді. «Ембімұнайгаз» АҚ-ның



Интерактивті музейіне арнайы атбасын тіреген қонақтарды ембіліктер еліміздің Батыс өңірінде кең сақталған ежелгі дәстүр-Көрісу мейрамымен құттықтап, Наурыз көже ұсынды.

АЛҒЫС АЙТУ

АРДАГЕРЛЕР – АСЫЛ ҚАЗЫНА



Н.Жантөрин атындағы Атырау облыстық филармониясында Атырау қалалық ардагерлер кеңесі ұйымдастырған жиында ембілік ардагерлер «Ембімұнайгаз» АҚ Алғыс хатымен марапатталды.

Атырау қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Кеңес Қосыбаев «Ембімұнайгаз» АҚ ұжымдық шартында өз зейнеткерлерін қолдау бағытында 11 түрлі жеңілдік қарастырғанын, соның ішінде, мемлекеттік мерекелерде ардагерлерге берілетін

төлемдер мен әлеуметтік пакетпен қамтып отырғанын, бұл істе компания басшылығы бастауыш ардагерлер ұйымымен тығыз байланыста жұмыс жасап отырғандығын атап өтті.

- Биылдың өзінде қала бойынша көмекке мұқтаж 35 адам тұрақты қамқорлыққа алынып, бұл істе «Ембімұнайгаз» АҚ және «Атырау-Жарық», теміржол мекемелері өзгелерге үлгі көрсетті – деп қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы ембілік мұнайшыларға алғысын білдірді.

Атырау қаласы әкімінің орынбасары Нұржан Ермұханов «Ембімұнайгаз» АҚ

Ардагерлер кеңесінің төрағасы Бағыт Сматулинге Алғыс хат табыстады.

Жиында «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Сәбит Арынов қажырлы еңбектерінің арқасында ел экономикасын арттыруға сүбелі үлес қосып, кейінгі буынға үлгі-өнеге көрсеткен ардагерлерге алғысын айтып, ембілік ардагерлер – Мұрат Ергалиев, Сырым Райымбергенов, Тарих

Тұқпатов, Сәрсенбай Бегешев, Жанәбіл Рахметов, Айтқали Кашкиновті Алғыс хатпен марапаттады.


Бүгінгі таңда саналы ғұмырын Ембі өндірісінің дамуына арнаған 2 221 ардагер бар. Олардың әрқайсысының орны – қазіргі ұжым үшін бір төбе. Олар салған сара жолды бүгінде жас ұрпақ үлкен абыроймен жалғап келеді.



МЕРЕКЕЛІК ШАРА



Орталық алаңдағы ұлық той



Өз-Наурыз мерекесіне орай Атырау қаласының орталық алаңында ұйымдастырылған шараға «Ембімұнайгаз» АҚ-ның ұжымы да белсенділікпен қатысты.

Ембіліктердің киіз үйінде мерекеге жиналған көпшілікке Наурыз көже мен бауырсақ ұсынылды.

Оркестрдің концерті мен атыраулық жас әншілердің өнері ембіліктердің мерекелік шарасының шырайын арттырды.

«Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Сәбит Арынов бастаған компанияның басшылық құрамы киіз үйге ат басын тіреген барша атыраулыққа мерекелік жылы лебіздерін білдірді.

Исатай-Махамбет орталық алаңындағы ірі мекемелердің ақшанқан киіз үйлеріне арнайы келген Атырау облысының әкімі Серік Шапкенов ембіліктерге деген өзінің ықыласын көрсетті.

Ембіліктер

Көрісу мерекесін ембіліктер аса тағатсыздана күтеді. Ембіліктердің бір-біріне деген құрметі ежелгі салтымыз - Көрісуде айқын көрініс тауып, Орталық басқару аппаратында таңертен жұмыс басталысымен бір-бірін мерекемен құттықтады. «Бір жасыңмен!», «Бір жасқа есеюіңмен!» деп ыстық ықыластарын білдірді.

«Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Сәбит Арынов ембіліктерді Көрісу, Наурыз мерекелерімен құттықтап, ізгі тілегін арнады.

Қазақ халқы ерекше қастерлеген ұлттық тағамдарынан жылдағы дәстүр бойынша мерекелік дастархан жайылып, жиналғандар Наурыз көжеден, бауырсақ, шұбаттан ауыз тиді. Алдағы уақытта қарым-қатынасымызға сызат түспесін деген ниетпен төс түйістіре көрісті. Қазақ қашанда дастарханын айрықша қастерлеген. Бұл жоралғы – дастарханымыз аралас болсын, қарым-қатынасымызға сызат түспесін деген ниеттен туғандығы белгілі.

Сонымен қатар, шара барысында ежелгі көшпелі өмір сүрген адамдардың жылжымайтын негізгі баспанасы саналатын киіз үйдегі ұлттық құнды жәдігерлер назарға ұсынылды.

Ежелгі дәстүрмен ұштасқан бұл мерекелік шара компания қызметкерлерінің іскерлік корпоративтік байланысын нығайтуға, ұжымдық бірлікті арттыруға үлкен септігін тигізіп келеді.

Наурыз – көктем мерекесі, күн мен түннің теңеліп, табиғаттың жаңарып, жасаратын, жаңа жыл мен жаңа өмір бастау алатын кез. Қысқы ұйқыдан ояңған табиғатпен бірге тіршілік атаулы түлеп, жанданады. Наурыз мейрамы – халықтың береке бірлігін нығайтатын думанды той.

Қош келдің,

Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мерекесі «Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты өндірістік-құрылымдық бөлімшелерде кең көлемде аталып өтті.

«Қайнармұнайгаз» МГӨБ. Кенбай кен алаңында өткен «Бақ-берекем, құт-мерекем - Наурызым!» атты мерекелік шарада ақшанқан киіз үйлер тігіліп, қазақтың салт-дәстүрлерін паш ететін көріністер қойылды, ұлттық тағамдардан дастархан жайылды.

Сонымен қатар, «Тас кешу» этно ауылы жасақталды. Төрт түлік малдар (боталы түйе, бұзаулы сиыр, қозылы қой, жылқылар, тазы иттер, жүк тиеген есек), қолдан жасалған жәдігерлер,



Наурыз мерекесін кең түрде атап өтті



қазақтың ұлттық бұйымдары қойылды. Қазан асылып, бауырсақтар пісіріліп, «Тас кешу» этно ауылына келген қонақтарға Наурыз көже мен ақ ұсынылды.

Әр цех қазақтың салтын паш ете отырып, көріністер қойып, үздік қойылымдар анықталды.

«Жайықмұнайгаз» МГӨБ. Басқарма мұнайшылары мен ардагерлер Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мерекесін

23-Наурыз!

С.Балғымбаев кен орнында атап өтті.

Мерекелік шарада жұмысшылар ән шашу тамашалап, спорттық сайыстар: гир тасын көтеру, арқан тартыс, ләңгі тебу, садақ ату, қой көтеру, асық атуға қатысып, бағалы сыйлықтарға ие болды.

Киіз үйлерде жайылған дастарханда жұмысшылар, ардагерлер ұлттық тағамдардан ауыз тиіп, музыкалық аспаптарда өз өнерлерін көрсетті.

«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ. «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ ұжымы Наурыз мерекесін Құлсары қаласында атап өтті. Мереке шарасында концерт, цех жұмысшыларының арасында арқан тарту, гир тасын көтеру, қой көтеру сайысы өткізілді.

Концертте көрермендер музыкалық мектеп оқушыларының оркестрі күйін, өнер мектебінің жасөспірімдерінің ұлттық билерін, әріптес



мұнайшыларымыздың әндерін тамашалады.

Үш киіз үй тігіліп, қазақ ұлттық, тұрмыстық бұйымдары, өнер мектебі балаларының және «Жылыой мүгедектері» қоғамдық ұйымының қолөнер көрмелері, қазақтың төрт түлік үй жануарлары түйе, сиыр, қой, жылқы, таз ит көрінісі ұйымдастырылды.

Сондай-ақ, Наурыз думан «Ембімұнайэнерго» және «Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау» басқармаларында да тойланды.

Ұлттық салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрпымызды насихаттау мақсатында ұйымдастырылған іс-шара қала тұрғындары мен қонақтарға мерекелік көңіл-күй сыйлады.

Ембіліктерді аса қуантқаны – Ұлыстың Ұлы күні биыл ерекше аталып өткендігі. Айта кетейік, «Наурызнаманың» онкүндігі аясында бірқатар жұмыс жүргізілді.

- Биылғы іс-шаралардың бір күндік болып шектеліп қалмағаны қуантады. Ендігі уақытта ұлық мереке осылай біртіндеп жалпыхалықтық сипат алуы тиіс, – дейді ембіліктер.

Шаралар барысында еселі еңбегімен үздік танылған мұнайшыларға «Күрмет грамотасы», «Алғыс хаттар» табысталды.

Өндірістік бөлімшелерде өткен Наурыз тойынан суреттерді назарларыңызға ұсынамыз.

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның «Мұнайшы қыз» клубының көшпелі форумы Доссор кентінде ұйымдастырылды. Бұған дейін аталмыш клубтың көшпелі форумы «Жылыоймұнайгаз» бен «Жайықмұнайгаз» МГӨ басқармаларында өткен болатын. Биыл барлық өндіріс алаңдарынан келген 250-ге тарта ембілік қыз-келіншекті «Доссормұнайгаз» МГӨ басқармасының ұжымы қабылдады.



Бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары, «Мұнайшы қыз» клубының төрайымы Рысты Тасмағамбетова қоғамдық жұмыстарда белсенділік көрсеткен нәзік жандарға Диплом мен арнайы сыйлықты тарту етті.

«Доссормұнайгаз» МГӨ басқармасының ұжымы Ембі өндірісінің кешегі күндеріне, дәлірек айтсақ, есімдері тарихта алтын әріптермен жазылып қалған ембілік мұнайшы қыздардың тағдырына арналған театрландырылған қойылымды көпшілік назарына ұсынды.

Кешегі қиын-қыстау сәттерде Ұлы жеңіске өлшеусіз үлес қосқан, соғыстан кейінгі ауыр жылдарда Ембі өндірісінде төзімділікпен еңбек

Әйел - бақыт, әйел - өмір, әйел - ғұл



Компанияға қарасты барлық өндірістік-құрылымдық бөлімшелердің мұнайшы қыздары бас қосқан форумға «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы М.Мырзағалиев арнайы қатысты.

- Ұжымшылдық байланысты нығайту мақсатында құрылған «Мұнайшы қыз» клубының алты жылға тарта уақытта атқарған жұмыстары өзге компанияларға үлгі деп есептеймін. Коммуникация дұрыс жолға қойылған ортада табысты еңбекке жол ашылатыны даусыз. «Мұнайшы қыз» клубының жұмысын жоғары бағалаймын,- деп атап өтті өз сөзінде М.Мырзағалиев. Клубқа арнайы сыйлығын да табыс етті.

«Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Сәбит Арынов еңбекте айтарлықтай табысқа қол жеткізген мұнайшы қыздарды Құрмет грамотасы, Алғыс хатпен марапаттаса, «Ембімұнайгаз» АҚ

өткен мұнайшы әйелдердің образдарын доссорлық мұнайшылар шебер сомдады.

КСРО Жоғары Кеңесіне қатарынан үш мәрте депутат болып сайланған тұңғыш қазақ әйелі Балғаным Досбаева, ірі мұнай кәсіпшілігін басқарған алғашқы әйел – Балжан Жұмағалиева, Мақат пен Доссорда қаршадайынан қатардағы мұнайшы боп, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болған Жібек Сегізалиева, Доссор мұнай өндірісіне бүкіл ғұмырын арнаған геолог Августина Квашенкина, қазақ мұнайшы әйелдерінің арасынан шыққан тұңғыш Социалистік Еңбек Ері Нәзира Шағырвалардың маңдайтерін төге еңбек еткен сәттері жоғары деңгейде сахналанды.

Клубтың 2025 жылғы көшпелі форумын ұйымдастыру эстафетасын «Қайнармұнайгаз» МГӨ басқармасы қабылдады.

«Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты «Мұнайшы қыз» клубының бастамасымен Түркістан қаласында 3 күндік семинар өтті. Оған Компанияға қарасты басқармалардан табысты еңбектерімен және ұжымшылдық байланысты нығайту жолындағы қоғамдық жұмыстарда белсенділігімен ерекшеленген ембілік қыздар қатысып қайтты.

«Әрбір адамның бой түзер «айнасы» – оның айналасы, қоршаған ортасы. Айналасындағы өзге жандардың өзіне деген қарым-қатынасы арқылы әркім өзін-өзі бағалай алады. Ішкі бағаңыз жақсы болсын десеңіз, өзгелермен байланысыңызды реттеңіз» деген оймен мұнайшы қыздар алдына шыққан коучтар аудиторияға бағыштаған пікірлерін, тәжірибемен байланыстыра дамытты.

«Өзіңді бағалаудың бір жолы-жұртшылық алдында еркін сөйлеу» деген мақсатпен семинарға қатысқан мұнайшы қыздардың әрқайсысы аудитория алдында өзіне берілген сұраққа тұшымды жауап беру арқылы ораторлық қабілеттерін де көрсетті.

Айта кету керек, семинарды ұйымдастыру кезінде Ембі өндірісіндегі жұмысшы қыздарға басымдық берілді. Мұнайшы қыздар семинарда көтерілген мәселелерден алған әсерлерін ортаға салды.

Түркістан жеріндегі аталмыш семинарға қатысушылар арнайы сертификатқа ие болды.

Киелі өңірге сапар



Гүлжансара ИЛЬЯСОВА,
«Жылыоймұнайгаз» МГӨ басқармасы
Терең-Өзек мұнай-газ өндіру
цехінің геологы:

Бұрын көпшілік алдында сөйлеуге, өзіндік пікірімді еркін айтуға келгенде тосылып қалатынымды жасырмаймын. Осы қорқынышты жеңгендей болдым. Осы семинарда әрқайсымызға өзіміздің өмірлік ұстанымымызды ортаға салуға мүмкіндік берілді.

Тамара САБИРОВА,
«Жайықмұнайгаз» МГӨ басқармасы
Оңтүстік-Батыс Қамысты кен алаңының
мұнай-газ өндіру операторы:

Мен киелі Түркістан жеріндегі үш күндік семинардан ерекше әсермен келдім. Берері мол тағылымды оқу бағдарламасы да, Арыстан баб, Домалақ ана, Ахмет Яссауи кесенесінде болған сапарларымыз жан-жақты ұйымдастырылуымен құнды болды. Идеология деген осы ғой.

Эльмира МЫРЗАҒАЛИЕВА,
«Қайнармұнайгаз» МГӨ
басқармасының зерттеу опера-
торы:

Бір сәт өзімнің ішкі болмысымды бағалай қарадым. Өзіммен-өзім іштей сырластым. Жақсы қырларым мен әлі де қолға алу керек тұстарымды байқадым. Енді осымен жұмыстанамын.

Татьяна СИСЕНОВА,
«ӨТКЖЖК»
басқармасы қойма
шаруашылығы
учаскесінің
сылақшысы:

Елдің тарихын, Каспийден Алтайға дейінгі ұлан байтақ жеріміздің бірнеше ғасырлық құнды деректерін әп сәтте көз алдына әкелетін керемет орын-Ұшатын театрдан алған әсерімді жеткізу қиын. Көрерменге қанат бітіреді екен. Бір емес, қатарынан екі рет барып, тамашаладым. Отбасымды, балаларымды алып барамын деген оймен келдім. Балаларымыз, жастар еліміздің осынау бай тарихын білүіп өсулері керек.

ТАРИХ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ МҰНАЙ ӨНЕРКӘСІБІ ДАМУЫНЫҢ ТАРИХЫНА ҚЫСҚАША ШОЛУ

(Жалғасы. Басы «Ембі тынысы» газетінің №1 санында)

1926-1927 – «Ембімұнай» тресінің кен орындары терең ұңғымалық сорғылар мен компрессорлар арқылы мұнай өндіруге көшті; соқпалы бұрғылаудан айналымды әдіс қолданыла бастады. Доссорға газ құбыры тартылып, өндіру ұңғымалары қосылды.

1930 – Гурьевте мұнайшы мамандар даярлайтын мұнай-кен техникумы ашылды.

1931 – Байшонас кен орны ашылды. «Ақтөбемұнайбарлау» тресі жүргізген бұрғылау жұмыстарының нәтижесінде Ақтөбе облысында Шұбарқұдық кен орны ашылды.



Доссор мұнай кәсіпшілігіндегі №99-9 бұрғылау мұнарасы. 1927 ж.

1932 – Ембі мұнайшылары КСРО мен Еуропада бірінші болып Доссор мен Мақатта аса терең бұрғылауды (2500-2800 м дейін) игерді; Ембідегі бұрғылау жұмыстары толығымен айналымды бұрғылау әдісіне көшірілді; КСРО-да алғаш рет Доссор және Байшонас кен орындарында сейсмикалық барлау жұмыстары жүргізілді. «Ембімұнай» тресінен бөлініп шыққан геологиялық барлау басқармасы «Қазмұнайгеофизика» тресіне айналды.

1933 – Жақсымай кен орны ашылды.

1934 – ҚазКСР Халық Комиссарлар Кеңесі 29 қаңтардағы «Ембі-Мұнайды дамыту жөніндегі іс-шаралар туралы» №86 арнайы қаулы қабылдап, онда «Ембімұнай» компаниясына Қосшағыл және Ескене кен орындарын пайдалануға беруге, сондай-ақ, сол жерде электр стансаларын, мұнай сақтайтын резервуарлар мен су құбырын және Мақат-Қосшағыл теміржолы мен Ескенеге қатынайтын жол салуды міндеттелді.

Ескене кен орны өнеркәсіптік пайдалануға берілді.

Гурьевтегі механикалық шеберханалар базасында «Ембімұнай» тресінің құрамындағы механикалық зауыт құрылды.

«Ембімұнай» тресінің орталық ғылыми-зерттеу зертханасы (ОГЗЗ) құрылды.

1935 – Қосшағыл кен орны өнеркәсіптік пайдалануға берілді. Ұзындығы 720 шақырым болатын Каспий-Ор мұнай құбыры салынды (Ембі мұнайының 65%- Ор қаласына жөнелтіліп отырды).

И.М.Губкиннің төрағалығымен Мәскеуде өткен КСРО Ғылым академиясының қарашадағы сессиясы Орал-Ембі тұзды күмбез аймағын зерттеу мәселелеріне арналды.

1936 – Байшонас мұнай кен орны өнеркәсіптік игеруге берілді. Халық Комиссарлар Кеңесі Солтүстік (Темір) мұнай кәсіпшілігі ауданын «Ембімұнай» тресінің құрамынан бөліп, оның негізінде «Ақтөбемұнай» тресін құру туралы шешім қабылдады.

(Жалғасы бар)



«Ембімұнай» тресі мұнай кәсіпшілігінің жалпы көрінісі



КАК ЗАЩИЩАЛИСЬ ПРАВА РАБОТНИКОВ НЕФТЕПРОМЫСЛОВ?

В преддверии 125 -летия казахстанской нефти делаем экскурс в историю и продолжаем узнавать об этапах становления нефтедобывающего предприятия. После возникновения треста «Эмбанефть» в 1922 году, наряду с развитием производства, одним из первоочередных вопросов стало создание условий для работников промыслов, выплата достойной оплаты труда. Это объяснялось тяжелыми экономическими условиями, которыми отличался Эмбинский нефтепромышленный район, где находилось большинство рабочих и служащих треста. Если до революции общая зарплата рабочих эмбинских промыслов была на 20-25% выше по сравнению с выплатами на бакинских и грозненских промыслах, а у некоторых высококвалифицированных работников и того больше, то после Гражданской войны был отмечен финансовый спад.

К тому же, тяжелые климатические условия, недостаток в продуктах питания, в особенности свежих овощей и зелени, нехватка пресной воды и полная отрезанность от района – единственным транспортным сообщением было Каспийское море, и то только в период навигации, делали жизнь нефтяников трудной и сказывалось на их здоровье. Из-за этого квалифицированные кадры уезжали на другие промыслы, а местные жители, которых обучали на нужные специальности, порой не выдерживали тяжелых условий труда добычи нефти и возвращались к прежнему занятию – скотоводству. На почве вышеперечисленных сложностей возникали трудовые споры и конфликты. А если учесть, что Эмбанефть находилась в стадии роста: одновременно нужно было развивать бурение и добычу, эксплуатационные работы, то нельзя было допустить возникновения кадрового дефицита. И поэтому необходим был документ для регулирования трудовых отношений между работодателем и персоналом, и таковым стал коллективный договор.

В 1923 году на предприятиях треста «Эмбанефть» действовали сразу три коллективных договора.

Первый договор был заключен с Урало-Эмбинским районным комитетом Всероссийского Союза горнорабочих (аналог профсоюза), сроком – с 1 октября 1923 года по 1 мая 1924 года. Этот договор распространялся на всех лиц, занятых по найму в районе нефтяных промыслов «Эмбанефть». По этому договору были предусмотрены спецставки для лиц административно-технического и административно-хозяйственного персонала. При этом, особым соглашением Правления с райкомом Союза было установлено распределение спецставок на 7 ступеней, высшая степень которой равнялась 17-му разряду тарифной сетки.

Второй договор был заключен с центральным комитетом Союза рабочих химиков, сроком - с 1 октября 1923 по 1 апреля 1924 года. Его действие распространялось на всех рабочих и служащих нефтеперегонных заводов треста –

Варинского, Константиновского и имени 26 коммунаров, за исключением лиц, занимающих административные посты и имеющих право найма и увольнения. В этом документе вместо спецставки были прописаны спецнадбавки, которые назначались нескольким лицам-специалистам высшей категории, стоящих по тарифной сетке выше 13-го разряда. В то же время, администрации заводов в целях сохранения и поощрения наиболее квалифицированных рабочих имели право повышать нормы оплаты до 25% сверх установленных договором, без перевода работника в высший разряд по сетке, но без всякого обязательства.

Третий коллективный договор был заключен с Московским районным комитетом Союза горнорабочих, сроком с 1 ноября по 31 декабря 1923 года. Этот договор распространялся на служащих и рабочих Московского управления, за исключением лиц, занимающих административные посты. В документе был прописан спецоклад в пределах государственного максимума, назначение которого было в полном введении администрации.

Тарифные сетки устанавливались по бюджетному индексу г.Москва.

В целом, необходимо отметить, что первые коллективные договоры были составлены обстоятельно, с учетом потребностей работников нефтепромыслов. К примеру, коллективный договор, заключенный между трестом «Эмбанефть» и Урало-Эмбинским районным комитетом Всероссийского Союза горнорабочих, состо из 12 разделов. В документе, наряду с основными главами о зарплате, регламенте рабочего времени, охране труда, нормах производительности и сельных работах, отдельные пункты посвящены защите прав подростков и учеников, приобретению жилища и выплате коммунальных услуг, культурно-просветительским нуждам рабочих и мн.другое. Согласно утвержденному документу, жалованье (зарплата) выдавалось частями (аванс и получка) 1 и 15 числа каждого месяца. К коллективному договору прилагалось приложение с положениями о расценочно-конфликтных комиссиях, обеспечении медицинской помощью, разрядов спецставки, тарифных разрядах, преискуренте цен продуктов, отпускаемых по нормам и спецпожезде.

Как свидетельствуют архивные данные, изменения и дополнения в колдоговоры вносились периодически, чуть ли не ежемесячно. Внесенные поправки, даже небольшие сразу же телефонограммой отправляли на нефтепромыслы. Коллективные договоры заключались на русском и вначале на киргизском, после – на казахском языках.

Материал подготовлен по архивным документам



НАУРЫЗНАМА

Ұлыстың Ұлы күні – өз-Наурыз мерекесіне қарсаңында «Доссормұнайгаз» МГӨБ басқарма аппараты және цехтар мен бөлімшелерде еңбек ететін мұнайшылар арасында қазақтың ұлттық ойындары арасында жарыс өткізілді.

Жарыс ұлттық спорттың 6 түрінен, атап айтсақ, гір тасын көтеру, ләңгі тебу, садақ ату, асық ату, бес асық, бұқа тартыс ойындарынан өтті. Додала жеңіске деген жігерліктерін танытқан мұнайшы-спортшылар оқтай озып, жеңімпаз жүлдегерлер анықталды. Сегіз команда ара-

Ұлттық спорт дәріптелген күн



БЕС АСЫҚ

I орын – әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің маманы Жанат Арыстанова;

II орын – Қарсақ мұнай өндіру цехының жылу жүйесінің операторы Света Орынтаева;

III орын - Ш.Мақат мұнай-газ өндіру операторы Гүлбаршын Бүлекбаева

АСЫҚ АТУ (ЕРЛЕР АРАСЫНДА)

I орын – Ш.Мақат кен алаңы мұнай дайындау және айдау цехының операторы Серік Әбілғазиев;

II орын – Ұңғымаларды жерасты күрделі жөндеу бригадасының машинисі Ерлан Нұршаханов;

III орын – Арнаулы техникалық автокөлік жүргізушісі Куандық Мұхамбеталиев;

ЛӘНГІ ТЕБУ

I орын – Солтүстік Жолдыбай кен орнының жұмыскері Мереке Булатов (129 рет тепкен);

II орын – Ш.Мақат МГӨЦ операторы Самат Искариев (120 рет тепкен);

III орын – Ботахан МГӨ цехының операторы Нұрболат Тлепиев (61 рет тепкен);

ГІР ТАСЫН КӨТЕРУ

I орын - ұңғымаларды жерасты күрделі жөндеу бригадасының операторы Аслан Құсайынов (98 рет көтерген);

II орын - Қарсақ мұнай өндіру цехының жөндеушісі Алтынбек Орынғалиұлы (63 рет көтерген);

III орын - Арнаулы техникалық автокөлік коллонасының механигі Руслан Жантохов (48 рет көтерген);

САДАҚ АТУ (ӘЙЕЛДЕР АРАСЫНДА)

I орын - геология бөлімінің қызметкері Валя Табынаева;

II орын - Ш.Мақат МГӨЦ операторы Бақтыгүл Нұрқасимова;

III орын - Қарсақ мұнай өндіру операторы Назгүл Оспанова;

САДАҚ АТУ (ЕРЛЕР АРАСЫНДА)

I орын - Басқарма аппаратының қызметкері Жұмабай Абдулов;

II орын – №4 Доссор мұнай өндіру цехы Алтыкөл кен орнының жөндеушісі Аман Танашев;

III орын – Солтүстік Жолдыбай кен орны бойынша өндіріс шебері Рүстем Жұбанғалиев;

БҰҚА ТАРТЫС

I орын - ұңғымаларды жерасты күрделі жөндеу бригадасының операторы Данияр Қалабаев;

II орын – Ш.Мақат МГӨЦ жөндеушісі Парасат Нұрғариев;

III орын – Солтүстік Жолдыбай кен орнының жөндеушісі операторы Берік Наукенбаев.

КОМАНДАЛЫҚ ЕСЕП

I орын - №3 Шығыс Мақат мұнай-газ өндіру цехы командасы (23 ұпай);

II орын – «Доссормұнайгаз» МГӨБ басқарма аппараты (27 ұпай);

III орын - №2 Қарсақ мұнай өндіру цехы командасы (31 ұпай).

Жүлдегерлер арнайы диплом, қаржылай сертификаттармен марапатталды.

сында өткен жарыста командалық ұпай санымен де жеңімпаздар да анықталды.

Жарысты өткізуге демеуші болған «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының кәсіподақ ұйымы болып табылады.



«Ембі тынысы» газетін осы QR код арқылы да оқи аласыздар.



«Ембімұнайгаз» АҚ-ның әлеуметтік желілердегі парақшаларына тіркеліңіздер!

Telegram - «Ембімұнайгаз» АҚ
Facebook - Ембілік Мұнайшы
Instagram - @embamunaigas.kz
You tube - «Ембімұнайгаз» АҚ

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы:
Қоғаммен байланыс тобы

Бас редактор: А.Ертлеуова

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2024 жылғы 18 қаңтарда № KZ69VPY00085699 куәлігі берілді.

Газет айына 1 рет шығады.
Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

Г.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.
G.Karajanova@emg.kmgerp.kz

И.Сатылғанова – 8 (7122) 99-34-66, 21-166
I.Satylganova@emg.kmgerp.kz

А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309
A.Ertleuova@emg.kmgerp.kz

Баспахана: «Реформа» ЖШС

Мекен-жайы: Алматы қаласы

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Г.Шанаев – Бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасарының міндетін атқарушы;

Р.Тасмағамбетова – Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

Қ.Әбенев – Бас директордың кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары;

А.Кенжежорұлы – Аппарат жетекшісі;

Ә.Каримов – Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бас техникалық басшының м.а;

К.Түлеушов – Мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

Г.Қаражанова – Қоғаммен байланыс тобының жетекшісі;

Ж.Дәуітов – «Жас мамандар» кеңесінің төрағасы.